

## **«Алтын сақа» балалар әдебиеті шығармаларының республикалық байқауы ережесі**

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев 2022 жылды «Балалар жылы» деп жариялады, «Балалар – мемлекеттің жарқын болашағының көпілі. ...Өскелен үрпақтың үйлесімді даму мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндегіміз» деген болатын. Өскелен үрпаққа тарихымызды, әдебиеттің мәдениеттің бен дәстүрімізді насиҳаттап, қоғамдық сананы жаңғырту өте маңызды.

Қазіргі таңда балалар әдебиеті жанрының кенже қалып түрғаны жиі талқыланады. Бала тәрбиесіне, зердесіне, таным-түсінігіне және қиял-ғажайып әлеміне әсер ететін негізгі құралдардың бірі – балалар әдебиеті оқулықтары мен телеарналар. Қазақ тілінде балалар әдебиеті бағыты бойынша жаңа есімдер жоқтың қасы. Ұлттық сананы тамырынан үзіп алмай, жаңа заманға сай етіп бейімдеудің басты тетіктерінің бірі – жас үрпақты ұлттық әдебиеттің қайнар-көзімен сусындана білу. Бұл балалардың таным көкжиеңін арттырып, ертегілер мен әңгімелерден пайдалы ақпарат, мол тәлім алуына септігін тигізері сөзсіз. Сондықтан балаларға арнап қалам тербейтін жазушылардың ынтасын арттырып, өскелен үрпақты адамгершілікке, отансұйғіштікке және т.б. ізгі қасиеттерге баулу өте өзекті.

Осыған орай, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ және «Қазақстан Жазушылар одағы» РКБ «Балалар жылы» аясында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «**Алтын сақа** балалар әдебиеті шығармаларының республикалық байқауын (бұдан әрі – *Байқау*) ұйымдастыруда.

**Байқаудың мақсаты** – балалар әдебиеті дамыту, қазақстандық балалар әдебиеті жазушыларына қолдау көрсету.

**Байқаудың қатысуышылары:**

- Қазақ әдебиетіне үлес қосып жүрген және шығармаларымен танылып келе жатқан 18-35 жас аралығындағы қаламгерлер қатыса алады.

**Байқаудың тілі:** қазақ тілі.

**Байқаудың бағыттары:**

Байқауға қатысуышлар еркін тақырыпта **проза** жанры бойынша **2 бағыт** бойынша бақ сыйнайды:

- *Ертегілер* (бастауыш және орта буын мектеп оқушыларына арналған);
- *Шағын әңгімелер* (жасөспірімдерге арналған).

**Байқаудың мерзімдері:**

Байқауды өткізу шарттары, тәртібі және мерзімі туралы ақпараттар баспа және интернет БАҚ-та **2022 жылғы 1 шілдеге дейін** жарияланады;

- Байқауға қатысуыш үміткерлер өздерінің шығармаларын және жеке мәліметтерді толтырып (**1-косымшада** берілген), бір файлға жүктеп («*Алтын сақа* балалар әдебиеті шығармалары байқауына» тақырыбымен), [altyn.saqa01@gmail.com](mailto:altyn.saqa01@gmail.com), [altyn.saqa01@mail.ru](mailto:altyn.saqa01@mail.ru), [balalarbaikaui@gmail.com](mailto:balalarbaikaui@gmail.com)

электронды пошталарына **2022 жылғы 19 тамызға** дейін (*қоса алғанда*) жолдауы қажет;

- Байқау шығармалары – **2022 жылғы 31 тамызға** дейін қазылар алқасының сараптамасынан өтеді;

- Байқау қорытындысы – **2022 жылғы қыркүйек** айында жарияланады;

- Байқау қорытындысы ретінде 2 бағыт бойынша жинақталған барлық шығармалар іріктеліп, жинақ ретінде **2022 жылғы қараша** айында басылып шығады.

#### **Шығармаларға қойылатын талаптар:**

1. Бір қатысушы **байқаудың екі бағыты** бойынша қатыса алады.

2. Мерзімінен кешіктірілген шығармалар сараптауға жіберілмейді.

3. Байқау жұмыстары **MS Word** форматында **Times New Roman** қарпімен, **14** қаріп мөлшерінде **1,0** аралықта теріліп, **3-5** беттен аспауы керек.

#### **Қатысушыларға қойылатын талаптар:**

1. Балаларды адамгершілікке, парасаттылыққа, отансүйгіштікке, сананың ашықтығы мен ұлттық бірегейлікті сақтауға, сондай-ақ ана тілін жетік білуге, әдеби сөздік қорын байытуға бағытталған шығармалар болуы қажет.

2. Жасөспірімдер мен өскелең ұрпаққа қызық, заманауи әрі өзекті тақырыптар бойынша фантастикалық және шытырман оқиғаларға толы білімге құштарлыққа, бәсекеге қабілеттілікке, прагматизм қағидаттарына сүйенген шығармалар, сонымен қатар, шығармаларда сүйіспеншілік, мейірімділік, қайырымдылық, өмірлік мақсат, әділдік, еңбекқорлық секілді терең ойлы құндылықтар насиҳатталуы тиіс.

3. Қоғамның дамуына жаңаша көзқарас қалыптастыратын, заманауи тұлғаның қабілеттері мен дағдыларын көрсететін, сондай-ақ жастардың қызығушылық тудыратын креатив идеялар және қазіргі шетелдік шығармалармен бәсекелесе алатын туындылар болуы тиіс.

#### **Авторлық құқық**

- Байқауға қатысатын шығарманың авторлық құқығының сақталуына жұмысты байқауға жіберген қатысушы жауапты.

- Шығарманы байқауға жібере отырып, оның авторы автоматты түрде байқаудың ұйымдастыру комитетіне жіберілген материалды жинаққа және интернетте орналастыру құқығын береді.

#### **Байқауға проза жанры бойынша төмендегі бағыттар бойынша жүлде тағайындалады:**

##### **- «Ертегілер»:**

а) I орын – 300 мың теңге (біреу);

ә) II орын – 200 мың теңге (біреу);

б) III орын – 100 мың теңге (біреу);

в) Үнтіландыру сыйлығы – 50 мың теңге (бесеу).

##### **- «Шагын әңгімелер»:**

а) I орын – 300 мың теңге (біреу);

ә) II орын – 200 мың теңге (біреу);

б) III орын – 100 мың теңге (біреу);

в) Ынталандыру сыйлығы – 50 мың теңге (бесеу).

**Ұйымдастырушылардың міндеттері:**

- қазылар алқасының құрамы іріктеліп, ұйымдастырушылардың шешімімен бекітіледі;
- ұсынған шығармаларды ұйымдастырушылар жанынан құрылған қазылар алқасы қарайды;
- қазылар алқасы 5 адамнан тұрады, олардың әрқайсысы бір дауысқа ие;
- ұйымдастырушы байқау шығармаларын жеке-жеке бағалайды;
- ұйымдастырушылар жеңімпаз атанған үздік шығарма иелерін дипломмен марапаттайды;
- байқауға келіп түскен шығармаларды ұйымдастырушылар іріктеп, арнағы жинақ ретінде басып шығарады.

**Жеңімпаздарды марапаттау:**

Жеңімпаздар екі бағыт бойынша I, II, III жүлделі орындар мен ынталандыру сыйлығымен (номинациялармен) марапатталады. Марапаттау рәсімі **2022 жылғы қыркүйек** айында өтеді.

Жеңімпаздар туралы ақпараттар әлеуметтік желілер мен сайттарда жарияланады.

**Байқау туралы сұрақтар бойынша байланыс тел.: +7 (7272) 261 6295, 272 6193. Ұялы тел.: +7 775 846 3705, +7 702 697 8598, +7 775 657 7838, +7 707 133 7899.**

**Қатысушының тіркеу формасы**

	<b>Атауды</b>	<b>Толық мағлұмат</b>
1.	<b>Тегі, аты, әкесінің аты:</b> <i>(толығымен)</i>	
2.	<b>Туған күні, айы, жылды:</b>	
3.	<b>Жұмыс (оку) орны, лауазымы:</b>	
4.	<b>Қала/облыс:</b>	
5.	<b>Шығарманың бағыты:</b> <i>(ертегілер, шағын әңгімелер)</i>	
6.	<b>Шығарманың атауды:</b>	
7.	<b>Қатысушының байланыс телефоны:</b>	
8.	<b>E-mail:</b>	
9.	<b>Қатысушының әлеуметтік парақшалар сілтемесі:</b>	
10.	<b>Қатысушының өмірбаяны мен жетістіктері:</b>	
11.	<b>Толтырған күні:</b>	